

# ГЛЮКОКОРТИКОИДТІ ИНЪЕКЦИЯЛАР

2022 жылдың 1 қаңтарынан басталатын маңызды өзгеріс



Не өзгереді?


**2022 жылдың 1 қаңтарынан жарыс кезінде глюкокортикоидтарды инъекция түрінде қолдануға тыйым салынады.**

## Глюкокортикоидтар дегеніміз не?

Глюкокортикоидтар - буындар немесе сіңірлерге әсер ететін, мысалы астма сияқты сырқаттарды және де көптеген спорттық жарақаттарды емдеу үшін қолданылатын дәрі болып табылады.

Глюкокортикоидтардың көптеген түрлері қол жетімді.

-  ингалятордар
-  кремдер
-  тамшылар
-  инъекциялар



## Жарыс кезеңі дегеніміз не?

Жарыс кезеңі әдетте жарысқа бір күн қалғанда 23:59 сағаттан басталады.

23:59 ЖАРЫСТЫҢ БІРІНШІ КҮНІ

### ЖАРЫС КЕЗЕҢІ

Спортшылар өздерінің Халықаралық федерациясынан олардың спорт түрі үшін жарыс кезеңінің айырмашылығы туралы білуі керек.

## Егер...

спортшыға глюкокортикоид инъекциясын жарыс кезінде қабылдау қажет болса



Егер спортшыларға глюкокортикоид инъекциясы жарыс кезінде диагноз қойылған сырқатты емдеуге қажет болса, онда олар ТҚ рұқсат алуға өтініш беру керек. Спортшы және спортшының персоналы қосымша ақпарат алу үшін, өздерінің Допингке қарсы ұйымымен, Халықаралық федерациясымен немесе жарысты ұйымдастырушымен хабарласуы керек.

спортшыларға инъекция жарыс басталар алдында қажет болса



Кейбір жағдайларда жарыстан тыс кезеңде қабылданған инъекция болса да, ТҚ рұқсат алу қажет болуы мүмкін. Спортшыларға инъекция алған күнді білу маңызды, әсіресе егер инъекция «денеден толық жуылып шығу» деп аталатын кезеңде қабылданса.

спортшы инъекцияны жарыстан тыс қабылдап бірақ жарыс кезінде сынама оң нәтижелі болса



Егер спортшы инъекцияны жарыстан тыс кезеңде алып, ал жарыс кезінде сынама тапсырып жатса, ретроактивті түрде ТҚ рұқсат алуға өтініш білдіруге рұқсат етіледі. Алайда спортшы және медицина мамандарында глюкокортикоид инъекциясын алуға негіз болатын медициналық түсіндірмелері болуы тиіс.

**i**

**Денеден толық жуылып шығу кезеңіне соңғы алынған дозадан бастап жарыс кезеңінің басталуына дейінгі уақыт жатады (яғни, спортшы қатысатын жарыстан бұрын 23:59 уақытта, егер сол спорт түріне ВАДАмен қандай да бір басқа кезең мақұлданбаса)**

**TUE**

**Маңызды:** ТҚ өтініш білдіру критерийлерге сәйкес болуы тиіс. Спортшылар және олардың медицина қызметкерлері ТҚ рұқсат алу үшін өтініштері қаншалықты оң шешім табатынын мұқият ойланып және оған қажетті медициналық құжаттардың бар болуына көз жеткізуі керек. Егер ТҚ бекітілмесе спортшы допингке қарсы ережелердің бұзылуына тап болуы мүмкін.

## Денеден жуылып шығу кезеңі дегеніміз не?

Спортшылар мен оның қызметкерлері үшін жарыстан тыс кезеңде еңгізілген, бірақ тек жарыс кезінде тыйым салынған субстанцияға спортшының сынамасы оң болып шығуы мүмкін екенін білу маңызды.








Осы себепті спортшылар мен олардың қызметкерлері инъекция арқылы еңгізілген зат ағзадан қанша уақытта шығуын білуі керек. Аталған уақытты денеден жуылып шығу кезеңі деп білеміз.

Глюкокортикоидтардың қашан еңгізілгеніне және дозасына байланысты, жарыс кезеңіне дейін ол ағзадан жуылып шықпаса, спортшыға тесттің оң нәтижесін алу қауіпі бар.

**Есте сақтаңыз:** жарыс кезінде қабылдауға тыйым салынған субстанцияларды жарыстан тыс кезеңде қолдану спортшыларға қауіп төндіру мүмкін. Яғни, спортшылар жарыс кезеңінде тест өтіп жатса, жарыстан тыс қабылданған субстанция оң нәтиже беруі мүмкін.



## Спортшылар не істеуі керек?

-  **Қатаң жауапкершілік:** Глюкокортикоидтар инъекцияларымен байланысты допингті қолданудың тәуекелдерін білу және сезіну.
-  Глюкокортикоидтар инъекциясына қатысты өзгерістерді білетініне көз жеткізу үшін, өзіңіздің жаттықтырушымен және дәрігермен **сөйлесіңіз**.
-  Инъекциялық затты қабылдаудан бұрын оны еңгізуге тыйым салынғанын **тексеріңіз**.
-  Өзіңіздің медициналық қызметкеріңізден басқа да балама емдеу мүмкін бе деп **сұраңыз**.
-  Жарыс кезеңі қашан басталатынын білу үшін жарыс және халықаралық федерация ережелерімен **таныс болыңыз**.
-  ТҚ рұқсат алу қажеттігі туындаған жағдайда, толық медициналық картаңызды **дайындаңыз** және ТҚ өтініш беру процессінде Допингке қарсы ұлттық ұйымнан немесе Халықаралық федерациядан кеңес алыңыз.
-  ADEL сайтынан Тыйым салынған Тізім және ТҚ туралы **көбірек біліңіз**.

## Неге бұл маңызды?

Глюкокортикоидтар спорттық медицинада жиі қолданылады. Спортшылар, жаттықтырушылар, медицина қызметкерлері және спортшының персоналы спортшылардың сынамасының байқаусызда оң нәтижесін болдырмас үшін, бұл өзгерісті білуі керек.



Спортшылар



Жаттықтырушылар



Медицина мамандары

**Ұмытпаңыз!**

**2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап жарыс кезінде глюкокортикоидтарды инъекция түрінде қолдануға тыйым салынады.**

